

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



**HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK - KAZAK UNIVERSITESI**



**Тақырыбы: Қоғамдағы дәрігердің
жауапкершілігі мен рөлі**

**Орындаған: Қалдыбай Айнұр, Мақсат Әсел
Қабылдаған: Жолдас Клара
Тобы: ЖМ-110**

Түркістан 2012 жыл

- I Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
- А) Ауруға психологиялық әсер ету - дәрігер беделін көрсететін ұлы қасиеттердің бірі
- Б) Қазіргі дәрігердің көрінісі
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Жоспар

- Дәрігердің еңбегі мен жұмсаған энергияның ең басты бағасы – ауру адамға көрсеткен көмегі. Бұл дәрігерлік тәжірибенің баюы мен оның беделінің өсуіне септігін тигізеді. Дәрігердің беделі ауру адаммен тіл табысуда үлкен роль ойнайды. Отандық медицинаның классиктері медицина қызметкерінің беделін көрсететін амалдарды тереңірек шешті. Бұл, ең бірінші – терең білім, ауру адамды оның проблемаларын сабырлы, дұрыс және тез түсіне білу қабілеті, осыған байланысты оның тез және толық сауығуына лайықты жол таба білуі



- Бұл – дәрігердің бірбеткейлігін, шынайылығын, мейірімділігін, табиғи сыпайылығын, барлық адамгершілік көрінісін ашатын жеке тартымдылығы. Дәрігердің әр әрекеті мен ісінде әрдайым басты мақсат көзделеді, ол – ауру адамның игілігі үшін. Керемет орыс клиницисті С.П.Боткиннің клиникалық және жан қабілеттерін жоғары бағалаған И.П. Павлов былай деп жазған екен: «Бұл ғалымның тартымдылығы ауру адамдар ішінде шынайы бір сиқырлы қасиетке ие болды, көбінесе оның бір ғана сөзі, не бір ғана кіріп – шығуы жаза алатын. Павлов ғалымның оқушыларынан олардың қолданатын рецептері қолайсыз болғанда мұғалімнің қолында сиқырлы бір қабілетке енетіндей болады» - деген сөздерді көп естіген.



- Ауруға психологиялық әсер ету - дәрігер беделін көрсететін ұлы қасиеттердің бірі. Бұл әсер тартымдылықпен, аурудың тағдырына шынайы қызығушылықпен, жақсы қарым – қатынаспен, сабырлықпен, аурудың сауығуы үшін үздіксіз онымен кездесуге ұмтылумен қамтамасыз етіледі. Бір ғана дәрігердің ауру адамды қарап, емдеуінің маңыздылығын баса айтқан белгілі дәрігер Х.В.Гуфеляндтің (1762 - 1836) сөздері қаламбур сияқты естілгенімен, мағынасы өте зор.



- Ол былай деп жазған: «Бір дәрігер – жақсы, екеуі – орташа, үшеуі – сұмдық. Көп дәрігердің бір ауру адамды емдеуі көбінесе аурудың өршуіне әкеледі». Дәрігердің ауру адамға көмегі тек оның толық сауығуына шейін емдегенде ғана толыққанды бола алады. Дәрігердің қарапайымдылығы - оның ең қажетті қасиеттердің бірі. Медицина көптеген керемет жетістіктерге жетті. Дегенмен, қазіргі кездің өзінде де біздің білгенімізден білмейтініміз көп: біз қолымыздан келіп, қанша тырысып, соған жеткіміз келсе де, көбінесе ауру адамға толыққанды көмек көрсете алмай жатамыз аурудың түрлері мен оларды емдеу жолдары туралы біліміміздің жетіспейтіндігін мойыылау өзіңді кінәлау үшін емес, ол өзіңді - өзің тәрбиелеудегі, біліміңді жетілдірудегі басты қағида болуы қажет.



- Дәрігердің білім деңгейі мен жинаған тәжірибесі өз алдына бір бөлек. Белгілі дәрігер Абу Али Ибн Сина (Авиценна) адам шығармашылығының қорытындысын былайша белгілеген: «Мы умираем и с собой уносим лишь одно: сознание, что мы ничего не узнали». Дәрігердің өмірі – бұл ешқандай бітпейтін университет. «Дәрігердің басты міндеті - өмір бойы қоғам үшін оқу» - деген екен беделді клиницист А.А.Остроумов(1844 - 1908). Дәрігердің оптимизмі саналы болуы қажет және ол бірінші кезекте терең білім мен мол тәжірибеге сүйену керек. Кез – келген жақсы дәрігердің басты қасиеттері - әрқашан қарапайымдылық пернесін жамылуы тиіс, олар өзін - өзі жарнамалауды қажет етпейді. Дәрігер бойындағы ең басты қасиеттердің бірі – шыншылдық.



ВРАЧ



Врач осматривает маленького пациента

© Наталья Колесникова / Фотобанк Лори



РосСтандарт

- Бұл - оның тұлғалық артықшылықтарының бірі - белгілі жағдайда ауру адам мен оның туысқандарына ауру адамның тағдыры туралы, кейде қайғылы келетін, өз ойын жеткізе білу міндетімен айқындалады. Әділеттілік – дәрігердің ең жоғары қасиеттерінің бірі. Осы жерде Цицеронның сөздерін тағы да қайталай кеткен жөн, әділеттіліктің ең негізгі екі бастауы бар, олар: « ешкімге зиян келтірмеу және қоғамға пайда әкелу». Дәрігердің адалдығы тек қана кәсіби мамандығының төңірегінде ғана шектелсе, ол бір жақты және толық емес болар еді. Адамгершіліктің айнымас жол серігі – ақкөңілділік, шын жүректен жақсылық жасай білу. Яғни, адам денсаулығы өз өмірінде де де құрбан ете білу. Дәрігерлер өмірінен алынған көптеген мысалдар бұл ұранның өміршеңдігін көрсетеді.

- Қан ауыстыру институтының негізін салушы кеңестік дәрігер А.А.Богданов (1873 - 1928) өз тағдыры туралы ойланбай қатты науқастанған студентті құтқару үшін онымен қан ауыстырған. Нәтижесінде студенттің өмірін сақтап қалып, А.А. Богдановтың өзі қайтыс болған. Ауру адамның өмірін сақтап қалу жолында құрбан болған. Адалдық тек қана дәрігердің істерінде ғана көрінбеуі тиіс, ол оның екінші « МЕНІ » болуы қажет. Дәрігердің мықтылығы оның іс - әрекеттерінен көрінеді. Қатты науқастанған адамның төсегінің қасындағы түнгі күзетулер, тәулік уақытында және ауа райына қарамастан науқасқа бару, операциялық құрал – жабдықтарсыз – ақ өмірді сақтап қалу мақсатында алғашқы көмек көрсету, өз өміріне қауіп төндіретін іс - әрекеттерге бару – бәрі – осының айғағы.

Медициналық деонтология

- «Жанып тұрған шырақ» - - ғасырда голландық дәрігер ван Туль – Пси ұсынған символдық эмблема: «Басқаларға жарық тастау арқылы өзім жанамын», - дәрігерлікке деонтологияның терең мағынасын ашады, сонымен қатар дәрігердің ауру адамның өмірін қорғайтын «психологиялық асептика» принципінің бітпес мүмкіндіктерін көрсетеді. Этика – құлықтылық ғылымның дамуы адам тарихының барлық ғұмырында жалғасын табуда. Соңғы жүзжылдықта, әсіресе, мамандықтардың дифференциясының өсуіне байланысты этиканың арнайы тармақтарының бөлінуіне қажеттілік туады. Ағылшын философы Бентам (1748 – 1832) алғашқы рет бұл үшін «деонтология» терминін ұсынды. («деон» - қажеттілік, қарыз және «логос» - ғылым). Бұл ұғым арқылы парыз, адамгершілік міндет, профессионалдық этика туралы ғылымдарды белгілейді. Деонтологияның, әсіресе, адамдар арасындағы қиын өзара ықпал және жауапкершілігі мол қарым – қатынас формаларын кеңінен пайдаланатын профессионалдық қызмет бөлімдерінде маңызды зор.



- Оларға бірінші кезекте медициналық қызметкерлердің ауруларға жасайтын ықпалдарының әртүрлі формалары үлкен роль ойнайтын қазіргі медицинаны, сонымен қатар тәрбие мен білім беру тәрбиешінің оқуға тікелей және жанама әсер етуіне негізделген дидактиканы жатқызуға болады. Сондықтанда, медицина қызметкерлерінің аурулар алдындағы парызының ерекшеліктерін, олардың ауру адамды жақсы емдеуге бағытталған іс - әрекеттер мен тұрғындардың денсаулығын сақтаудағы қоғам алдындағы адамгершілік міндеттерін ашатын медициналық деонтологияның медициналық психологияның жеке бөлімі ретінде қарастырылуы кездейсоқ емес. Медициналық деонтологияның принциптері, әсіресе, қазіргі дәрігерлердің басты қасиеттерін көрсетеді.

Қазіргі дәрігердің көрінісі

- А.П. Чехов былай деп жазған екен: « Дәрігердің ақыл – ойы ашық, адамгершілік жағынан таза, физикалық жағынан ұқыпты болуы керек». Осы тура айтылған ұғымды ашып қарасақ, дәрігердің білімі, тәжірибесі мен жоғары сапалы қызметіне деонтологиялық қырағылық (сақтық) қатарлас болуы қажет. Ауру адамға көмектесуде, аурудың аяғы құтты болатынына сендіру негізіндегі әңгімелерде, прогностикалық қорытындылар мен кеңес беруде сөз арқылы ауру адамға зиян келтірмеу үшін өте сақ болу керек. Дәрігерлік практика дәрігерге медико - психологиялық баға беруде көп мәлімет береді. Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты. Оның ерекше қиындығы тек тірі ағзаны құрайтын биологиялық жүйенің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар ең басты қоғамдық байланыстың әртүрлі болуы мен арнайы адамның индивидуалдығы, қайталанбас психологиялық көрінісін құрайтын тәуелділікке байланысты (отбасында, оқу орнында, құрылыста, қоғамдық ұйымдарда, достар арасында және т.б.). Сау адамға қарағанда ауру адамның келбеті өзгереді және ауру тудыратын ерекшеліктерімен толықтырылады. Сондықтан да дәрігер тек медик - маман ғана емес, сонымен бірге азамат, қоғамдық қызметкер, ол тек қана медицинада емес, сол сияқты мемлекеттің барлық сұрақтарынан жан – жақты білімді болуы керек.





**Зейін қойып
тыңдағандарыңызға
РАХМЕТ!!!**